

Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының нысанын және оны жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 18 ақпандағы № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 21 ақпанда № 20054 болып тіркелді.

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 112-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының нысанын жасау қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін жеке тұлға алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыларды өтеуге жұмсалған шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талаптарының нысанын және оны толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндептін атқарушының 2016 жылғы 22 шілдедегі № 389 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14175 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 5 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары- Қаржы министрі

A. Сmailov

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 18 ақпанды
№ 162 бұйрығына
1-қосымша
нысан

**20 __ жылғы __ бастап 20 __ жылғы __ дейінгі кезең үшін Жеке тұлға
Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық
тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды
растаяу туралы мемлекеттік кірістер органдары талабы**

Банк немесе банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы _____

—
банк немесе банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын ұйымның

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке тұлға бойынша мәлімет	Банкпен немесе банк операцияларының жекелеген тұрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ипотекалық тұрғын үй қарыздарының шарты	Есепті кезең үшін сыйакы сомасы
		Ипотекалық тұрғын үй

№ р/ с	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Күжаттың күні	Күжаттың №	қарыздарын өтеу кестесі бойынша		Төлеу фактісі бойынша	
					сомасы (тенге)	(күні	сомасы (тенге)	күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (электрондық цифрлық қолтаңба)

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), телефон нөмірі _____

Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымының

мекен-жайы _____

Жеке тұлға
Қазақстан Республикасында
тұрғын үй сатып алу үшін алған
ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны
өтеуге жұмсалатын шығыстарды
растаяу туралы мемлекеттік
кірістер органдары
талабының нысанына
қосымша

**Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған
ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын
шығыстарды растаяу туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растаяу туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының (бұдан әрі – Талап) нысаны мынадай деректерді қамтиды:

1-бағанда – жолдың реттік нөмірі;

2-бағанда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

3-бағанда – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

4-бағанда – банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ипотекалық тұрғын үй қарыздары шартының күні;

5-бағанда – банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ипотекалық тұрғын үй қарыздары шартының нөмірі;

6-бағанда – ипотекалық тұрғын үй қарыздарын өтеу кестесі бойынша сыйақы төлеу сомасы, теңгемен;

7-бағанда – ипотекалық тұрғын үй қарыздарын өтеу кестесі бойынша сыйақыны төлеу күні;

8-бағанда – есепті кезең үшін іс жүзінде төленген сыйақы сомасы, теңгемен;

9-бағанда – іс жүзінде төленген күні.

2. Талап банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы басшысының немесе дара кәсіпкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

Бірінші Орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2020 жылғы 18 ақпандағы

№ 162 бұйрығына

2-қосымша

Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының нысанын жасау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ереже

1. Осы Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының нысанын жасау қағидалары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 112-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес әзірленді және банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы мемлекеттік кірістер органдары талабының (бұдан әрі – Талап) нысанын жасау тәртібін айқындайды.

2-тaraу. Талапты жасау тәртібі

2. Талапты банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар:

1) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрғандар – хабарламаларды кепілді жеткізуі қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша электрондық тәсілмен және басшының электрондық цифрлық қолтаңбамен күэландырып;

2) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмагандар – өзі келу тәртібімен немесе хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жасайды.

3. Ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша Талапты жасау мүмкін болмаган жағдайда, сондай-ақ техникалық қателер туындаған жағдайда Талап электрондық түрде "Microsoft Excel" не "Microsoft Access" форматында жасалады және ұсынылады.

4. Талап жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растайтын мәліметтерді толтыра отырып, осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мәліметтер әрбір қарыз бөлігінде жеке ұсынылады.